



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМУ АГЕНТТІГІ

ЛИЦЕНЗИЯ

исламдық банк операцияларын және өзге де операцияларды жүзеге асыруға

Лицензияның нөмірі № 1.3.51

Берілген күні 2026 жылғы «15» мамыр

«Заман-Банк» Ислам банкі» акционерлік қоғамы

Осы лицензия операциялардың мынадай түрлерін (ұлттық және (немесе) шетел валютасында) жүзеге асыруға құқық береді:

1) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 22-бабының 4-тармағына сәйкес ислам банкінің банк операцияларын:

жеке және заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
исламдық банк депозиттерін қабылдау;
жеке және заңды тұлғалардан талап етуге дейінгі пайызсыз депозиттерді қабылдау;
жеке және заңды тұлғалардың инвестициялық депозиттерін қабылдау;
банктік қарыз операциялары: мерзімділік, қайтарымдылық шарттарымен және сыйақы алмай ақшалай нысанда кредиттер беру (банкаралық кепілгерлікті қоспағанда);
жеке және заңды тұлғаларды:
тауарды үшінші тұлғаға кейіннен сату туралы шартсыз;
тауарды үшінші тұлғаға кейіннен сату шартымен коммерциялық кредит беру арқылы сауда делдалы ретінде банктік қаржыландыру;
заңды тұлғалардың капиталына қатысу арқылы және (немесе) әріптестік шарттарымен өндірістік және сауда қызметін банктік қаржыландыру;
лизинг (жалдау) шарттарымен банктік инвестициялық қызмет;
исламдық банк операцияларын жүзеге асыру кезіндегі агенттік қызмет.

2) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес банк операцияларын және өзге де операцияларды:

банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымдарының корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
жеке және заңды тұлғаларға тиесілі тазартылған бағалы металдардың және бағалы металдардан жасалған монеталардың нақты саны көрсетілетін, осы тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу;
кассалық операциялар: қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта санауды, сұрыптауды, орауды және сақтауды қоса алғанда, оны қабылдау және беру;
аударым операциялары: ақша төлемдері мен аударымдары бойынша жеке және заңды тұлғалардың нұсқауларын орындау;
қолма-қол ақшамен және (немесе) қолма-қол ақшасыз шетел валютасымен айырбастау операциялары;
тазартылған қымбат бағалы металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобына жататын металдар) құйма күйінде, қымбат бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
сейфтік операциялар: сейф жәшіктерін, шкафтарды, үй-жайларды жалға беруді қоса алғанда, құжаттандырылған нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құндылықтарын сақтау жөніндегі қызметтер;
аккредитив ашу (ұсыну) мен оны растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;
ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін беру (банкаралық кепілгерлікті қоспағанда);
үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін және өзге де міндеттемелерді беру (банкаралық кепілдіктерді қоспағанда);
төлем құжаттарын инкассоға қабылдау (вексельдерді қоспағанда).

Алғаш рет алынған лицензия туралы деректер:

Қазақ КСР Мемлекеттік банкі банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге берген 1991 жылғы 6 маусымдағы №11.

Төрағанын орынбасары



Алматы қаласы

О. Қизатов